

Оқушылардың республикалық олимпиадасы

II тур

11 - сынып

(Қазақ тілі мен әдебиеті)

Екінші турдың сұрақтарына берілген жауаптарды бағалау тәртібі:

Әр сұраққа қойылатын ең жоғарғы баға – 10 ұпай, бағалау мынадай критерийлерге негізделеді:

9-10 ұпай – жауабы ерекше, жауап барысында мектеп бағдарламасынан тыс мәліметтер мен деректерді келтіре отырып, терең білім алғанын байқатады;

7-8 ұпай – сұраққа толық жауап беріледі, кейбір қосымша мәліметтер келтіре білді;

5-6 ұпай – жауап барынша толық болмады, терминдерді түсіндіруде, анықтамалар мен ережелерді айтуда, сөйлем талдауда кейбір қателер кездесті;

3-4 ұпай – жауабы толық емес, дәрекі қателер кетті;

1-2 ұпай – сұраққа жауаптың қатысы жоқ, нақты емес.

Екінші турдан оқушының жинайтын ең жоғарғы ұпайы – 50. Олимпиаданың екі турынан да жоғары ұпай ала білген оқушының 100 ұпай жинауға мүмкіндігі бар.

| № | Пән атауы | Мазмұны |
|---|----------------|---|
| 1 | Қазақ әдебиеті | <p>Ол Бек-Алқаға жылына бір рет міндетті түрде қатынайтын. Туған ауыл, ел-жұртын емешегі үзіліп сағынғандықтан емес (қайбір екі туып, бір қалғаны бар), жыл бойғы табан ет, маңдай тердің құнын шығарып, ұшы-қиыры таусылмас шаруасының шалғайын қайыру үшін, етектегі елге — Үлкен Жерге асығатын. Ал шаруа, басқаны қайдам, Ерік үшін қайта айналып орнына келе берер күн мен түн секілді мәңгілік қозғалыстағы, мәңгілік айналымдағы дүбірлі дүние, таусылмас қазына.</p> <p>Үзінді қай шығармадан алынған. Бұл туындыда не туралы айтылатынын қысқаша баяндап беріңіз?</p> <p>Жауабы:</p> <p>Бұл үзінді қарымды қаламгер Оралхан Бөкейдің соңғы туындысы «Атау кере» романынан алынған. Шығарма атының өзі бірден елең еткізеді. Өйткені «атау кере» сөзі ел ішінде адамдардың күнделікті қарым-қатынасында қолданыла бермейтін, сирек жағдайда, ашынған ахуалда, болмаса шарасыздықтан айтылатын салмақты, зілді, ауыр ұғым. Шығармашылығында жеңіл мазмұн кездеспейтін Оралханның дәл осы күрделі тақырыпқа барып, әрі оны өзінің дәстүрлі шеберлігіне тән деңгейде ширатып, ширықтыра отырып жазғаны заңдылықтай қабылданады. «Атау-кере» повесі бүкіл адамзаттық мәселелерді қозғайды. Повесть оқиғасының басында Еріктің реалистік сипаты басым болса, шешімінде мифтік сипаты байқалады. Қаламгер адамдар өмірін аралар дүниесіне ұқсатады. Еріктің көк басты сонаға айналып кетуі және Қатын суының арғы бетіндегі жұмбақ қыз – символ. Ерікті мифтік бейне ретінде қараудың өзі оның құбылуына байланысты. Бір түрден екінші түрге ауыса алатын – тек миф кейіпкерлері. Повесть соңында Еріктің құбылуына мән бере отырып, бұл повесті «Повесть-миф» деп атауға болады. Повестегі Шал образында романтизм сарыны байқалады. Шығармадағы</p> |

| | | |
|----|----------------|---|
| | | Шал да, Таған да қоғамда бет алған адамның рухани әлсіреуінен шығудың шығар жолын, амалын табуға тырысады. Бірақ табиғат аясында қалудан басқа жолды көре алмайды. |
| 2. | Қазақ әдебиеті | <p>Ғ.Мүсіреповтың «Ұлпан» романынан:</p> <p>– Есенеі-ау, мына қараша ауылды сен неғып көрмей жүрсің? Өзіңе ұят қой! – деді.</p> <p>– Осы қырық үй малшы-жалшылардың қырық жылдан бергі жалақылары сенің мойныңда кете беріпті... обал ғой, – деді.</p> <p>– Айналайын Ұлпанжан, соны маған ендігәрі айтпайтындай болып, өзің тындыршы, екеумізге екі айғырдың үйірі жылқы қалдырсаң болды. Менің ендігі байлығым жалғыз сен... асырарсың бірдеңе қылып...</p> <p>1. Үзіндіде Ұлпанның қандай қасиеті суреттелген (ойыңызды дәлелдеп жеткізіңіз)?</p> <p>A) қайраткерлігі, кісі ақысын жемеуі B) батырлығы C) сұлулығы D) ұяңдығы E) тәкаппарлығы</p> <p>2. Үзіндіде келтірілген сөйлеу түрі және ережесін айтыңыз</p> <p>A) диалог B) монолог C) аллегория D) полемика E) теңеу</p> <p>Жауабы: 1А, 2А</p> <p>Диалог – екі адам арасындағы сөйлеу әрекеті (егер сөйлеушілер екеуден көп болса онда полилог деп аталады). Монологтан айырмашылығы диалогта сөйлеумен қатар тыңдау механизмдері қатар жүреді</p> |
| 3 | Қазақ тілі | <p>Сөйлемге толық синтаксистік талдау жасаңыз.</p> <p>Ректорат мына мәселені еске салады: ол - студенттерді ерте бастан ғылыми еңбек жазуға төселдіру.</p> <p>Жауабы:</p> <p><i>Толық синтаксистік талдауда, біріншіден, айтылу сазы мен мақсатына қарай және құрылымына қарай сөйлем түрлері анықталады; екінші, сөйлем мүшелеріне талданады; үшінші, сөз тіркестеріне талдау жасалады.</i></p> <p>Ректорат (бастауыш) мына мәселені (толықтауыш) еске салады (баяндауыш): ол (бастауыш) – студенттерді (толықтауыш) ерте бастан (пысықтауыш) ғылыми еңбек жазуға (толықтауыш) төселдіру (баяндауыш).</p> |

| | | |
|---|---------------|---|
| | | <p>Хабарлы сөйлем; Құрмалас: түсіндірмелі салалас. Сөз тіркестері:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) Ректорат еске салады – жалғау арқылы (жіктік жалғау), қиыса байланысқан, предикативті қатынастағы етістікті сөз тіркесі. 2) Мына мәселені еске салады – жалғау арқылы (табыс септігі), меңгеріле байланысқан, толықтауыштық қатынастағы етістікті сөз тіркесі. 3) Ол – төселдіру – қиыса байланысқан, предикативті қатынастағы етістікті сөз тіркесі. 4) Ғылыми еңбек жазуға төселдіру – жалғау арқылы (барыс септігі), меңгеріле байланысқан, толықтауыштық қатынастағы етістікті сөз тіркесі. 5) Ерте бастан төселдіру – жалғау арқылы (шығыс септігі), меңгеріле байланысқан, пысықтауыштық қатынастағы етістікті сөз тіркесі. 6) Студенттерді төселдіру – жалғау арқылы (табыс септігі), меңгеріле байланысқан, толықтауыштық қатынастағы етістікті сөз тіркесі. |
| 4 | Қазақ тілі | <p>Мәтінде қарамен берілген сөздерге морфологиялық талдау жасаңыз.</p> <p>Жауабы: Тіліндегі: тіл – түбір (зат есім), -і – тәуелдік жалғауының үшінші жағы, -нде жатыс септігінің жалғауы, -гі – сын есім тудырушы жұрнақ. Құралған: құра – түбір (етістік), -л – ырықсыз етіс жұрнағы, -ған – есімше жұрнағы. Аударсақ: аудар түбір (етістік), -са – шартты рай жұрнағы, -қ – жіктік жалғауының бірінші жағы (көпше түрі). Айналыспайтын: айналыс – түбірі (етістік), -па – болымсыз етістік жұрнағы, -йтын – есімшенің жұрнағы. Айналыса: айналыс – түбір, -а – көсемше жұрнағы. Көрсетеді: көр – түбірі (етістік), -сет – өзгелік етіс жұрнағы, -е – көсемше жұрнағы, -ді – үшінші жақ жіктік жалғауы. Тұлғалық: тұлға – түбір, -лық – сөз тудырушы жұрнақ. Балаларын: бала – түбірі (зат есім), -лар – көптік жалғауы, -ы – үшінші жақ тәуелдік жалғауы, -н – табыс септігі жалғауы. Қимылдауына: қимыл – түбір, -да – сөз тудырушы жұрнақ, -у – тұйық етістік жұрнағы, -ы – тәуелдік жалғауының үшінші жағы, -на – барыс септік жалғауы. Сонда: сол – түбірі, -нда – жатыс септігі жалғауы.</p> |
| 5 | Тіл мәдениеті | <p>Мәтінді оқып, төмендегі сұрақтарға жауап беріңіз.</p> <p>NEET термині ағылшын тіліндегі «Not in Employment. Education or Training» ұғымының бас әріптерінен құралған. Қазақ тіліне аударсақ «не жұмыс істемейтін, не оқымайтын, не өзге де істермен айналыспайтын адам» дегенді білдіреді.</p> |

| | | |
|--|--|---|
| | | <p>NEET жастар XX ғасырдың соңында пайда болды. Бұл мәселені Ұлыбритания алғаш болып көтерген. Ал жастардың әлеуметтік әлсіз топтарына арналған мемлекеттік сараптаумен Бүкіләлемдік банктің айналыса бастауы, мұның әлемдік деңгейде күрделі мәселе екенін көрсетеді.</p> <p>NEET жастардың пайда болу себебін объективті, субъективті және жеке тұлғалық тұрғыдан қарастыруға болады. Ең басты әсер ететін фактор – өскен ортасы, отбасы, қоғам, достар, туысқандар. Сонымен қатар көп жағдайда ата-аналар балаларын тым аярлық сезіммен өсіреді. Баланың өз бетімен қимылдауына мүмкіндік бермейді. Тұрмыстық жағдайға қатысты жұмысты бала өзі жасаса немесе ата-анасымен бірге істесе оның қадірін біліп өседі, жауапкершілікті сезінеді. Сонда үйдегі тәрбиеден алдағы өміріне сабақ алады.</p> <p>I. Қазақ тілінде қандай стильдер бар? Берілген мәтін қай стильге жатады?</p> <p>Жауабы: Бес стиль: көркем әдебиет, публицистикалық, ресми іс-қағаздар, ғылыми, ауызекі сөйлеу стильдері. Бұл мәтін публицистикалық стильде жазылған.</p> <p>II. NEET жастардың пайда болуының басты себебін ата, ойыңды 4-5 сөйлеммен дәлелде.</p> <p>Оқушы өз жадынан жазады.</p> |
|--|--|---|